

Жұмабай Б.Б., Мазурик-Джабиева С.С., Мұсабаев Д.Қ., Сутемгенов Ж.Б.  
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
Жөкенов Н.С.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Университетінің магистранты

## **МЕКТЕПТЕГІ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫНЫҢ МАЗМҰНЫН ЖАҢҒЫRTУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

«Білім сапасы» түсінігі түрлі ғылыми еңбектерде, білім беру жүйесінің саясаткерлері мен жетекшілерінің сөйлеген сөздерінде жиі кездеседі және олардың барлығы әртүрлі мағынада анықтама береді. Мектептегі дене шынықтыру саласында сапаны жақсарту мәселесі бойынша көптеген келіспеушіліктер бар және осы жерде білім беру жағынан сапаны жақсарту немесе оны жаттығу әсерімен арттыру қажет пе деген сұрақ туындайды. Білім беру саласында жүріп жатқан толассыз реформалар білім беру сапасын арттырмайды. Себебі толассыз жүргізілетін тәжірибелер, білім сапасын бағалауға мүмкіндік бермейді.

Қазіргі уақытта әртүрлі елдердің қолданысындағы білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйелері мақсаттар мен міндеттер, өлшемдер мен рәсімдер бойынша ғана емес, сонымен қатар осы процеске үкіметтік, қоғамдық және кәсіби органдар мен мекемелердің қатыстырылуымен ерекшеленеді.

Білім беру сапасының идеясы отандық және шетелдік педагогика негізін құрайды және аталған бөлімде әртүрлі елдердегі білім сапасына деген көзқарастарға тоқталып өтеміз.

Бельгияда әр қауымдастықтың заң шығарушы және атқарушы билігі мектеп білімін реформалауға тікелей қатысты арнайы жарлықтар мен стратегиялық жоспарлар қабылдайды. Ал Сонымен қатар, ол білім беруді басқаруды жеңілдетуге және жаңғыртуға қызмет етеді. Бұл өзгерістер білімнің қол жетімділігі мен сапасын қамтамасыз етуге бағытталған. Ол жүйе бойынша білім беруді ұйымдастыру мен басқаруды үкімет емес, белгілі бір оқу орнының құрылтайшысы бақылайды. Бельгияда оқытудың мазмұны мен әдістерін жаңғырту мақсатында оқу процесін қайта құруға үлкен мән беріледі.

Ағылшындар стандарттар мен үлгерімді арттыру арқылы білім берудің сапасын арттыруды басты мақсаты етеді. Бұл өз кезегінде білім беру саласындағы әлемдік нарықта үздік көрсеткіштерге қол жеткізуге ықпал етуі тиіс.

Мысалы, Англияда білім департаменті білім беру мекемесінде алған білім, біліктілік пен дағдылардың сапасына қойылатын талаптарды күшейту арқылы сапа мәселелерін шешеді. Мектептер өз жұмысына жауапкершілікпен және талапшылдықпен қарап, ішкі стандарттарының сапасын көтеруі керек. Англияда бірыңғай ұлттық тесттер негізінде белгілі бір оқу орнының қызметін бағалау үшін қолданылатын ұлттық көрсеткіштерді көрсететін оқушылардың да, сыныптардың да, мектептердің де жеке қабілеттерін бағалайтын ұлттық тестілеу жүйесі құрылды.

Германия да білім беру жүйесін ондаған жылдар бойы реформалаудан өткізді. Бұл жүйе бойынша білім беру сапасын бақылауды мектептің өзінде жүргізеді және оны білім министрлігінің ұсыныстарына сәйкес қатаң түрде ұйымдастыруы керек. Математикалық және жаратылыстану білімінің сапасын халықаралық зерттеу нәтижелері ресми жарияланғаннан кейін, білім сапасы қатты сынға ұшырады және білім беру сапасын арттыру үшін қаржыландыру шығындары ұлғайтылды.

Италияда сарапшылар білім беру сапасына қатысты әртүрлі эксперименттер мен зерттеулерге қатысу, осы мәселені шешуде маңызды оң рөл атқарады деп санайды. Оқыту процесінде мұғалім тікелей тексеретін оқытудың әрбір жаңа кезеңінде оқушылардың білімін бастапқы талдауға көп көңіл бөлінеді.

АҚШ-та білім беру жетістіктерінің әртүрлі аспектілері бағаланатын мониторингтік зерттеулерге негізделген мемлекеттік немесе жергілікті органдар деңгейінде жүзеге асырылатын білім сапасын бағалауға үлкен көңіл бөлінеді.

Францияда білім беру жүйесі әлі күнге дейін үнемі реформалануда және қайта құрылуда. Сондықтан елдегі ең маңызды проблема білім берудің жоғары сапасын қолдау болып табылады және оған жыл сайынғы ұлттық зерттеулер дәлел бола алады. Олардың нәтижелері оқу процесін түзету үшін пайдаланылады.

Швецияда елдегі білім мен оның дамуына билік жауап береді. Білім беру сапасын бақылау және бағалау ұлттық деңгейде жүзеге асырылады.

Осылайша, қазіргі уақытта әр түрлі елдерде бар білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйелері айтарлықтай ерекшеленеді. Ол жүйелердің мақсаттары мен міндеттері, бағалау критерийлері мен рәсімдері, ол процеске мемлекеттік және қоғамдық органдардың қатысу дәрежесі әртүрлі. Бірақ олардың барлығы да білім беру сапасын арттыруға бағытталған.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, білім беру сапасының проблемасы бүкіл әлемдік білім беру кеңістігінде өзекті болып қала береді деп айтуға болады. Оқушылардың білімі мен іскерлігін бағалау, сапа мәселесі бойынша жүргізілетін халықаралық зерттеулер осының дәлелі болып табылады. Мысалы, біріккен ұлттар ұйымы (БҰҰ) жанынан құрылған балалар қоры 24 дамыған және бай елдердің білім беру жүйелеріне зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Олар сабақ үлгерімі нашар балалардың пайыздық көрсеткіштері мен жеке және мемлекеттік білім беру мекемелерінің арасындағы айырмашылықтарды анықтады, қарама-қайшылықтарды көрсетті. Сондай-ақ, білім беру жетістіктерін бағалау бойынша халықаралық қауымдастық жүргізген зерттеу жұмыстары да бар.

Жүргізілген зерттеу нәтижелерін талдай отырып, қауымдастық білім беру саласындағы көшбасшыларды анықтады. Атап айтар болсақ Канада, Финляндия, Австралия және Жаңа Зеландия елдерінің мектептегі білім беру сапасы үздіктер қатарынан табылды. Бұл таңқаларлық емес, өйткені білім беру сапасының деңгейі, негізінен алғанда елдің материалдық қамтамасыз етілуіне, оның экономикалық дамуына байланысты. алайда аталған елдердің білім беру сапасының жоғары деңгейде болуына әсер еткен басты фактор – оның сапасын, құрылымы мен мақсат-міндеттерін нақты анықтап, түрлі инновациялық әдіс-тәсілдер мен құралдар қолдану [1].

Аталған мәселе бойынша жүргізілген зерттеулер мен эксперименттердің көптігіне қарамастан, осы проблема бойынша негізінен нақты көрсеткішті, оқыту сапасын, оқу іс-әрекетінің өнімділігін, оқушылардың жеке психологиялық ерекшеліктерін зерделегендігін аңғаруға болады. Ал жаңғыртылған мазмұндағы білім беру сапасын жан-жақты және көп деңгейлі бағалауға бағытталған мониторингтік бағдарламалардың саны жеткіліксіз екендігі анықталды.

Білім беру сапасы оқу орнының бүкіл оқу-тәрбие процесінің талаптарына сәйкес келетін бірқатар көрсеткіштердің жиынтығымен ұсынылуы керек.

Мектептегі білім сапасына әсер ететін көрсеткіштердің төрт негізгі тобын ұсынуға болады:

- білім беру мазмұны;
- оқыту нысандары мен әдістері;
- материалдық-техникалық база;
- білікті кадрлық құрамның болуы.

Аталған көрсеткіштер білім беру процесінің сапасына айтарлықтай әсер етуі мүмкін екендігімен келісуге болады, алайда ұсынылған топтар мәселенің мәнін толық көрсетпейді. Сондықтан оқу процесінің сапасын оқытудың формалары мен әдістерінің мазмұнын жаңғырта отырып қарастырған жөн деп санаймыз.

Бірінші кезекте білім сапасы оқушылардың білімді меңгеру және оқыту сапасымен анықталуы тиіс. Ал басты қызметті дене шынықтыру пәнінің мұғалімі атқарады. Дәл осы екі көрсеткіш кез-келген ұйымдағы оқушының білім сапасын бағалауда басты көрсеткіш болып табылады.

Адамның мәдениет деңгейі дегеніміз, рухани, саяси, денелік мәдениет салалары бйынша құндылықтарын құру және пайдалану дәрежесі, сондай-ақ мәдени өнімді азық етуге қанағаттану деңгейі. Дене мәдениеті саласы бойынша мысал келтіретін болсақ, адамның

қимыл-қозғалысқа немесе дене жаттығуларын орындауға деген қажеттіліктерге қанағаттануы, оның нақты денсаулық жағдайын байланысты [2].

Ғылыми-әдістемелік деректерге сүйенетін болсақ, дене мәдениеті түсінігін үш жолмен анықтайды. Біреулер дене мәдениетін адамның іс-әрекет өнімі, оны одан әрі жетілдіруге қолданатын материалдық және құндылықты жетістіктері деп түсіндірсе, енді біреулері оны адамның шығармашылық іс-әрекеттерінің туындысы деп санайды.

Яғни, адам мәдениетті қалыптастырады және бұрыннан бар игі мәдениетті бойына сіңіре отырып, өзі де қалыптасады. Ал үшінші бағытты қолдаушылар мәдениетті жеке тұлғаның дене мәдениетінің жаңалықтарын бойына сіңіруі деп қарастырады [3].

Ғалымдардың дене мәдениеті түсінігіне берген анықтамалары көп. Біреулері ол адамның өз қимыл-қозғалыс мүмкіндіктерін пайдалану нәтижелері десе, екіншілері адамның өз ағзасына деген ұстанымы, дене тәрбиесі құралдарын қолдана білу біліктілігі дейді [4].

Адам өмірінің дене тәрбиелік сапасын теориялық тұрғыдан негіздейтін болсақ, ол дегеніміз:

-денсаулық және дене тәрбиесі мен спортпен шұғылдануға деген саналы да, жауапкершілікті көзқарас;

-психологиялық-денелік оң жағдай; денсаулықты құрушы әрекеттер; адамның әлеуметтік ортадағы спортты-дене тәрбиелік өмір салты және өзінің жанындағыларды белсенді қимылға тарту.

Жалпы алғанда, дене мәдениеті адамның денсаулық туралы пайымын кеңейтеді.

Сонымен, дене тәрбиесі адамның материалдық және рухани іс-әрекеттері ретінде қызмет етсе, екінші жағынан – оның нәтижелері, оның өнімі болып табылады.

Әрине, дене мәдениеті бірінші кезекте материалдық мәдениет пе, жоқ әлде рухани ма деген пікірталастар әлі де жалғасуда және жеке тұлғаның дене мәдениетін зерттеген еңбектер көптеп табылады. Олардың біреулері жеке тұлғаның дене мәдениетін білімділік, дене дайындығының жетілгендігі, салауатты өмір салтын ұстану деп сипаттайды. Алайда, теориялық білім немесе қимыл-қозғалыс белсенділігінің өзі жеке тұлғаның дене мәдениетінің қалыптасуына кепілдік бола алмайды.

Автордың пікірінше, білім мен қимыл-қозғалыс белсенділігі жеке тұлғаның дене мәдениетінің сыртқы кескін-келбеті ғана және оның қалыптасу деңгейін сипаттай алмайды. Оның ойынша, тұлғаның дене мәдениеті, оның дене мәдениеті бойынша білім деңгейімен (дене дайындығы, денені жетілдірудің әдіс-тәсілдері, дене белсенділігі кезіндегі ағзаның қызмет ету заңдылықтары туралы білім деңгейі), жекелеген қимыл-қозғалыс жетістіктерінің жиынтығымен сипатталады.

Дене мәдениетін рухани мәдениетке жатқызатын ой-пікірлер бар. Олардың көзқарастары бойынша, адам механикалық тетік емес – рухани тұлға. Яғни, дене мәдениеті, бұл тек денені жұмыс істету ғана емес, ол сонымен қатар, адамның рухани, ішкі дүниесімен жұмыс істеу [5].

Әрине, бейнедегі ойды дамытатындықтан, дене мәдениеті рухани мәдениеттің бір бөлігі болып саналады. Дене мәдениетін материалдық немесе рухани мәдениетке ғана жатқызбай, оны өзіндік бір бағыт ретінде қарастырған еңбектер де бар. Дегенмен, дене мәдениетінің жалпы адамзаттық мәдениетпен бірге пайда болды және даму үстінде.

Дене мәдениеті жалпы мәдениеттің бір бөлігі бола отырып, адамның табиғи мәні мен моральдық рухын дамытуға бағытталған. Басқаша айтқанда, тұлғаның дене мәдениеті материалдық және рухани бірлікте байқалады. Ол бір жағынан өз денесін қайта құруға ұмтылса, екінші жағынан білім, рухани құндылықтарды бойына сіңіруді мақсат етеді. Сондықтан, дене мәдениеті түсінігіне бір жақты қарауға болмайды.

Әрине, дене мәдениетінің, жалпы мәдениеттің бір бөлігі ретіндегі рөлі ерекше. Себебі, дене мәдениеті адамның әлеуметтік және биологиялық негізін біріктіреді, олардың дамуына мүмкіндік беретін байланыстырушы тізбек.

Жалпы білім беру мектептерінде білім алатын оқушылардың дербес дене мәдениеттерінің құрылымын шартты түрде алты бағытын бөліп көрсетуге болады:

- тәрбиелеуші;

- сауықтырушы;
- дамытушы;
- білім беруші;
- рекреациялық;
- гигиеналық.

Әрине, ондай бағыттарға бөлудің шартты екендігін атап өткеніміз дұрыс. Дегенмен, оқу-тәрбие жұмыстарын жоспарлап, мектеп оқушыларының дене тәрбиелерін тиімді іске асыруға қолайлы екендігін де айта кеткен дұрыс. Жеке тұлғаның дене мәдениетінің бір бөлігі болып табылатын ол бағыттар бір-бірімен байланыста болады.

Мысалы, тәрбиелік – дене мәдениетіне деген қажеттілікті қалыптастырады, дамытушы – дене сапаларын дамытады, білім беруші – білім, біліктілік және дағдылармен қаруландырады. Гигиеналық бағыт салауатты өмір салтын қалыптастырумен байланысты болғандықтан, білім беру бағытының бір бөлігі іспеттес.

Шынайы және жанама көрсеткіштер, іс-әрекет кезіндегі дене мәдениетінің көрінуіне мүмкіндік береді. Жеке тұлғаның дене мәдениетінің қалыптасқандығына мыналар жатады:

дене мәдениетіне деген қажеттіліктің қалыптастыру және оны қанағаттандыру тәсілдерінің деңгейі;

спорттық және дене тәрбиесі жұмыстарына қатысу қарқыны (жұмсалатын уақыт, жиілігі);

сол әрекеттердің күрделілігі және шығармашылық деңгейі; жеке тұлғаның дербестігі, табандылығы, ұстамдылығы, ұжымшылдығы, еңбекқорлығы, тәртіптілігі мен жауапкершілігі;

орындалатын іс-әрекеттен қанағаттануы және оны орындауға деген көзқарасы;

дене тәрбиесімен шұғылданудағы өздік білімі, өздік тәрбие, дене мәдениетін өз бетімен жетілдіру;

денені жетілдіруге қажет әдіс-тәсілдер мен құралдар, біліктілік пен дағдыларды игеру;

салауатты өмір салтын ұйымдастыруда қолданылатын білім мен біліктілік пен дағдылардың аясының кеңдігі мен жүйелілігі.

Тұлғаның дене мәдениеті сипаттайтын үш кіші жүйе туралы айтуға болады:

Итермелеуші (мотивациялық) кіші жүйе – дене тәрбиесі әрекеттерінің барлық түрлеріне деген қажеттіліктің субъективті түрі: елігу, ынта, ұмтылу, сену, сұраныс, мақсат және т.с.с. Бұл кіші жүйені қалыптастыру, дене тәрбиесінің міндеттеріне жатады.

Дене мәдениеті бойынша білім саласында қалыптастатын ақпараттық жүйе: түсінік, ілім, болжамдар, тұжырымдамалар және т.с.с. Бұл кіші жүйе дене тәрбиесі бойынша білім беру міндеттерінің қатарына жатады.

Дене мәдениеті саласы бойынша біліктіліктер жүйесін қалыптастыруға арналған негізгі (мақсатты) жүйе: дағдылар, әдіс-тәсілдер, әдістемелер, әдеттер және т.с.с. Бұл кіші жүйе денелік оқыту-үйрету міндеттерінің қатарына жатады.

Бұл түсініктер дене мәдениетін жеке тұлғаның сапалы қасиеттерінің бірі ретінде бейнелейді және адамның белгілі бір дене қабілеттерін қалыптастыруды қамтамасыз ететін педагогикалық процестердің мәні мен бағытын айқындайды.

Дене мәдениетінің рухани құндылықтарына әрбір адам ұмтылатын жан-жақты дене дамуы, дене жетілуінің биік шыңға шығуы (спорттық шеберлік), оған қол жеткізу жолдары мен дамыту басымдылықтары туралы білім жиынтықтарын атап өтуге болады.

«Жеке тұлғаның дене мәдениеті» терминін адамның дербес дене мәдениеті деңгейі туралы ой түюге мүмкіндік беретін негізгі көрсеткіштермен теңеуге болады және олар мыналар:

- адамның өз дене деңгейін қалыпты жағдайда ұстауға және жетілдіруге деген қамқорлығы;

- сол мақсатқа қол жеткізуге қажет құралдар мен әдіс-тәсілдердің сан-алуандығы;

- адам ағзасы, сол ағзаға әсер ететін әдіс-тәсілдер туралы білім деңгейі;

- өзге адамдардың сауығуларына, жетілулеріне көмекке келуге қажет білім мен біліктіліктің болуы.

Ғалымдар атап өткендей, жеке тұлғаның дене мәдениетін қалыптастырудың төрт деңгейі бар:

Дене мәдениетінің әлеуметтік-рухани құндылықтары туралы арнайы білім мен қабілеттердің болмағанымен байқалатын кездейсоқ деңгей. Ол дененің жетілуі дене дамуының төмен деңгейімен және дайындықтың жасқа сай, дербес ерекшеліктерге сәйкес келмеуімен сипатталады. Жалпы алғанда, дене мәдениеті құндылықтарын игеруге деген оң көзқарас байқалмайды.

Дене тәрбиесінің сауықтырушы, қолданбалы және спорттық іс-әрекеттерімен байланысты дене мәдениетінің құндылықтары туралы қарапайым білім мен түсініктері болуымен сипатталатын алғашқы сауаттылық деңгейі. Гигиеналық дене мәдениеті түрлері және дене қабілеттерін өздігімен жетілдіру жолы ретінде қарастыруға болатын қарапайым дене тәрбиесі элементтері (танертегілік қыздырыну жаттығуларын, шынықу шараларын орындау, белгілі бір дене сапалары мен біліктіліктерін дамыту) игеріледі. Денелік жетілу дене дамуымен дайындығының қанағаттандырылғы деңгейімен сипатталады. Топтасып шұғылдануға мүмкіндік пайда болып, өз іс-әрекеттерін белгілі бір жүйемін іске асыруға деген ұмтылыс байқалады.

Дене мәдениетінің оң ықпалы және оның рухани-әлеуметтік құндылықтары туралы едәуір білім деңгейі. Ақыл-ой, пайым деңгейі жоғары. Ол деңгейдегі адамның дене жетілуі барлық жағынан (дене дайындығы, дербес ерекшеліктері, спорттық жетістіктері) жоғары сипатта болады. Әдетте, ондай адамдар өз бетімен және топпен де бірігіп шұғылдана алады.

Жеке тұлғаның жан-жақты, үйлесіммен дамуына қажет рухани-әлеуметтік дене мәдениетін іс жүзінде пайдалану керек екендігін айқын түсінуге мүмкіндік беретін шығармашылық деңгей. Жеке тұлғаның дене тәрбиесі саласындағы танымдық қызығушылығы өмрлік мәні бар құндылықтар қатарына жатқызылған. Дене жетілуі жоғары деңгейде, адамның жас және спорттық жетістіктерне сәйкес келеді. Өздік жетілу мен дене дамуы жүйеге және шығармашылық негізге ие болған.

Бірқатар зерттеушілердің пікірінше, жеке тұлғаның дене шынықтыруының қалыптасуын, дене тәрбиесінің құндылықтарымен жеке қарым-қатынастың қалай және қандай нақты түрде көрінетінін анықтауға болады. Адамның қажеттіліктерінің, оның қабілеттерінің күрделі жүйесі мұнда қоғамның дене шынықтыруын дамыту және ондағы шығармашылық өзін-өзі көрсету шарасы ретінде көрінеді.

Әдебиеттер:

1. Мотова Т.Н., Наводнов В.Г., Кукпин В.Ж., Савельев Б.С. Национальной системы оценки качества образования. – Москва, 1998. – 24 С.

2. Тойлыбаев Б.А. Бастауыш мектеп оқушыларына дене тәрбиесін беруде халықтық педагогика элементтерін пайдалану: пед. ғыл. канд. дис. 05.04.95. – Алматы, 1995. – 135 Б.

3. Әбділлаев Ә.К., Оңалбек Ж.К. Дене мәдениетінің ілімі және әдістемесі. – Түркістан: Тұран, 2004. – 227 Б.

4. Ашмарин Б.А., Завьявлев Л.К., Курамшин Ю.Ф. Педагогика физической культуры. – Л., 1999. – 320 С.

5. Дүйсенбаев А. Қазақ батырларының қаһармандық бейнесі арқылы оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің педагогикалық шарттары: пед. ғыл. канд. ... автореф. – Ақтөбе, 2005. – 24 Б.

Аданов К.Б., Иманбетов А.Н., Мұрат Т.Ж.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Кәрімов М.А.

Ж.Тәшенев атындағы № 10 мектеп-гимназия, Астана қаласы

Ахметов Р.Ә.

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қаласы